

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Үсіпбек Олжас Нұрланұлы

(білім алушының аты-жөні)

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып:


Тараз қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Дипломдық жоба тапсырмаға сай орындалды. Студент алдына Тараз қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесі жобасын құру бойынша міндеттер қойылды. Жұмыс барысында келесі есептері қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалуы, жылыту жүйесінің гидравликалық есебі және құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы қарастырылды. Онымен бірге материалдарға кеткен шығын есебі шығарылды. Студент барлық тапсырмаларды сәтті орындады. Дипломдық жобаны жазу барысында студент күнтізбелік кестеге сәйкес белгіленген мерзімдерді сақтады.

Білім алушы Үсіпбек Олжас Нұрланұлы 5B075200 “Инженерлік желілер және жүйелер” мамандығы бойынша техника және технологиялық бакалавры дәрежесін беруге лайықты. Жоба бағасы 85%

Ғылыми жетекші

тех.ғыл.д-ры, зерт.проф.



(колы)

Мырзахметов М.М.

«11» 05

2022 ж.

СЫН-ПІКІР

Дипломдық жоба
(жұмыс түрінің атауы))

Үсіпбек Олжас Нұрланұлы
(білім алушының аты-жөні)

5B075200 “Инженерлік жүйелер және желілер”
(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: “Тараз қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін

жобалау”

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 31 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдық жобада тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау қарастырылған. Қаланың климаттық параметрлері алынған. Соған байланысты жылу техникалық есеп, жылу жоғалу және гидравликалық есебі шығарылған. Дипломдық жобада келесідегі қателіктер орын алды:

- орфографиялық қателіктер;

- құрылыс күнтізбелік жоспары тиімсіз.

Жұмысты бағалау

Білім алушы дипломдық жобасын тапсырмаға сәйкес толық орындаған. Үсіпбек Олжас Нұрланұлына 5B075200 “Инженерлік жүйелер және желілер” мамандығының техника және технология бакалавры дәрежесін беруге лайықты. Жоба бағасы: (80%)

Сын-пікір беруші

ЖСШ “КазТехносервис-П” директоры, доктор PhD



(қолы)

«16»

05

Парманов Ү.С.

(аты-жөні)

2022 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Усипбек Олжас

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Тараз қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылу жүйесін жобалау.

Научный руководитель: Менлибай Мырзахметов

Коэффициент Подобия 1: 0

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 4

Знаки из здругих алфавитов: 38

Интервалы: 852

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата 19.05.2022

Заведующий кафедрой

Миндеев
Миндеев

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Усипбек Олжас

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Тараз қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылу жүйесін жобалау.

Научный руководитель: Менлибай Мырзахметов

Коэффициент Подобия 1: 0

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 4

Знаки из здругих алфавитов: 38

Интервалы: 852

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☐ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☒ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 14.05.2022



проверяющий эксперт

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Усипбек Олжас

Тақырыбы: Тараз қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылу жүйесін жобалау.

Жетекшісі: Менлибай Мырзахметов

1-ұқсастық коэффициенті (30): 0

2-ұқсастық коэффициенті (5): 0

Дәйексөз (35): 0.1

Әріптерді ауыстыру: 38

Аралықтар: 852

Шағын кеңістіктер: 4

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні 14.05.2021

Кафедра меңгерушісі 

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Үсіпбек Олжас Нұрланұлы

Тараз қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»


Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.
 К.К. Алимова
«11» 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “Тараз қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін
жобалау”

Мамандығы 5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған



Үсіпбек О.Н.

Пікір беруші

“КазТехносервис-ІІ” ЖСШ директоры


Парманов Ү.С.

«16» 05 2022 ж.



Жетекші

техн. ғыл. д-ры., зерт. проф.

 Мырзахметов М.М.


«11» 05 2022 ж.

Алматы 2022

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	03.02.2022-20.03.2022	орындалды
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	23.03.2022-07.04.2022	орындалды
Экономика бөлімі	03.04.2022-10.04.2022	орындалды

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн.ғыл.д-ры, профессор	07.04.2022	
Экономика бөлімі	М.М.Мырзахметов техн.ғыл.д-ры, зерт.проф.	10.04.2022	
Норма бақылау	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд., қауым.проф.	11.05.2022	

Жетекші

 Мырзахметов М.М.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 Үсіпбек О.Н.

Күні

«24» 01 2022 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., қауым.проф.
Алимова К.К.
«24» 01 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Үсіпбек Олжас Нұрланұлы

Тақырыбы: Тараз қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Университет Басшысының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-П/Ө
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Ғимарат қабаттарының жобасы, бас фасадтың бағыты, орналасу орны, сыртқы қоршаушы құрылымдар материалының сипаттамалары мен қаланың климаттық параметрлері.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім: Қоршаушы құрылымдардың жылу техникалық есебі. Бөлмелердің жылу жоғалу есебі. Жылыту аспаптарын таңдау. Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі. Жылыту жүйелерін құрастыру кезінде қауіпсіздік шараларын қарастыру;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы: Еңбек шығынының калькуляция есебі, күнтізбелік жоспар, жұмысшылардың қозғалыс графигі;

в) Экономика бөлімі: Келтірілген шығын есебі, негізгі технико-экономикалық көрсеткіштер.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Жертөле жобасы; 2) Типтік қабат жобасы; 3) Жылыту жүйесінің аксонометриялық сұлбасы (жоғарғы қатар); 4) Жылыту жүйесінің аксонометриялық сұлбасы (төменгі қатар); 5) Технологиялық карта.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада Тараз қаласындағы тұрғын үй кешенін жылыту жүйесі жобаланған. Жобаның мақсаты белгіленген тұрғын үйдің жылыту жүйесінің есебін жүргізу және жылыту аспаптарын таңдау. Жылыту аспаптары салыстырылып, тиімді түрде және қазіргі заманға сай жабдықтар қолданылған.

Гидравликалық есептеулер кезінде құбырлардың диаметрі, судың жылдамдығы анықталған. Күнтізбелік жоспар әртүрлі жұмыстардың орындалу мерзімін көрсетеді. Жобаның экономика бөлімінде жылыту жүйесіндегі капиталды төлем ақының жалпы қосындысы, амортизациянды шығын, энергоресурстардың және материалдардың құны анықталады.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте спроектирована система отопления жилого комплекса в г. Тараз. Цель проекта - вести учет системы отопления дома и подобрать отопительные приборы. Сравнивались отопительные приборы, использовалось эффективное и современное оборудование.

При гидравлическом расчете определялись диаметр труб и скорость движения воды. В графике указаны сроки проведения различных работ. В экономическом разделе проекта определяется общая сумма капитальных платежей по системе отопления, амортизационные отчисления, стоимость энергоресурсов и материалов.

ABSTRACT

In this graduation project, a heating system for a residential complex in the city of Taraz was designed. The purpose of the project is to keep records of the heating system of the house and to select heating devices. Heating devices were compared, efficient and modern equipment was used.

In the hydraulic calculation, the diameter of the pipes and the speed of water movement were determined. The schedule shows the timing of the various activities. The economic section of the project determines the total amount of capital payments for the heating system, depreciation, the cost of energy resources and materials.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобалауға керекті бастапқы деректер	8
1.2 Қоршаушы құрылымдарының жылу техникалық есептері	8
1.3 Қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалуы	11
1.4 Жылыту жүйесінің есепті қуаты	12
1.5 Жылыту жүйесін таңдау және құрастыру	13
1.6 Жылыту аспаптарының жылулық есебі	14
1.7 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі	15
1.8 Есептік су шығындары және элеватор таңдау	16
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	20
2.1 Жұмыс көлемінің ақпарат тізімі	21
2.2 Еңбек шығындарын калькуляциялау	21
2.3 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графикі	22
2.4 Көліктің қажеттілік есебі	22
2.5 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау	24
2.6 Өндірістік қауіпсіздік техникасы	24
3 Экономика бөлімі	26
3.1 Келтірілген шығын есебі	26
ҚОРЫТЫНДЫ	29
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	30

КІРІСПЕ

Жылыту жүйесі дегеніміз үймереттер мен ғимараттардың бөлмелеріндегі ішкі ауаның температурасын беріп қана қоймай оны қажетті жағдайда ұстап отыруға арналған инженерлік жүйе.

Жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және қолдану қазіргі кезде ең маңызды мәселелер болып табылады. Отынды тиімді пайдаланудың негізгі бөлігі болып бір орталықтан жылумен қамтамасыз ету. Сондықтан бұл негізде кейбір үлкен қалаларда жылу электр орталығы немесе аудандық қазандықтар пайдаланады, бұл жағдай отынды тиімді пайдалануға және оны аз мөлшерде өндіруге, қолдануға әсерін тигізеді.

Үй жағдайына керекті энергияның ішінде ең көп жылуды қолданатын жылыту жүйесі. Бұның себебі ғимараттарды жылдың суық кездерінде тек сол жылыту құралдары арқылы пайдалануға болатындығында. Яғни жылыту дегеніміз қыс кезінде ғимараттардан жоғалған жылу мөлшерінің жасанды түрде толтырылуын айтамыз. Жылыту жүйесі негізгі үш буыннан тұрады. Олар: жылу көзі, құбырлар, жылыту аспаптары.

Бұл дипломдық жобада Тараз қаласында орналасқан жеті қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау қарастырылады. Жылыту ретінде сулы жүйесі қабылданады және оны жобалау кезінде қазіргі заманда қолданылатын жылыту аспаптары мен жабдықтары қолданылды. Бөлмені жылыту жүйесімен қамтамасыз ету үшін ең алдымен, қоршаушы қабырғалар конструкциясының жылу техникалық және жылу физикалық қасиеттерін анықтай отырып, сыртқы қоршаушының конструкциясы таңдап алынады. Артынан бөлмелердің әрқайсысының сыртқы қоршаушылары арқылы жоғалтқан жылу шығыны анықталып, сыртқы қоршаушылардан жоғалған жылу шығыны арқылы жылыту жүйелерінің, жылу құрылғыларының есебі және гидравликалық есеп жүргізіледі.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобалауға берілген бастапқы деректер

Ғимараттың жылыту жүйесін жобалауға қажетті деректер қабылданады.

- Ғимараттың типтік қабатының жобасы.
- Қаланың аты - Тараз;
- Қабат саны - 7;
- Бас фасадтың бағыты – Солтүстік;
- Қаланың климатологиялық деректері;
- $t_0' = \text{минус } 21,1^\circ\text{C}$;
- $t_{0T} = \text{плюс } 1,7^\circ\text{C}$;
- $n_0 = 160$ тәулік;
- $v = 1,7$ м/с;
- Жылыту жүйесі - 2 құбырлы;
- Жылыту жүйесінің беретін құбырындағы су температурасы – $t_1 = \text{плюс } 95^\circ\text{C}$;
- Жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы су температурасы – $t_2 = \text{плюс } 70^\circ\text{C}$;
- Ғимараттың кірісіндегі жайғасқан арын – 7000 Па.

1.2 Қоршаушы құрылымдарының жылутехникалық есептері

Жылыту жүйесінің мақсаты – ғимараттың бөлмелерінің сыртқы қоршаулар арқылы жоғалатын жылу жоғалуды орнына келтіру. Сондықтан әр қоршаудың сыртқы қоршауының жылу жоғалуының жылутехникалық есебі қарастырылады. Сыртқы қоршаудың жылу жоғалуы оның құрылымы және материалдың көрсеткіштеріне байланысты анықталады.

Жылу техникасында жылу таратудың үш түрі болады: сәулелік, конвективтік және жылу өткізгіштік. Қоршаушы құрылымдар арқылы ішкі және сыртқы ауаның қатынасы қарастырылады. Мұнда жылу таратудың жылу өткізгіштік түрі мол және ол жылу жоғалуына тең болып есептеледі. Сондықтан ғимараттың барлық бөлмелерінің қоршаушы құрылымдары арқылы жоғалатын жылуды анықтау қажет.

Ғимараттардың қоршаушы құрылымдарының жылу техникалық есебінде санитарлы-гигиеналық және жайлылық шарттарына сәйкес жылу таратуға керекті кедергісі анықталады:

$$R_0^{\text{пр}} = \frac{n \cdot (t_i - t_0')}{\alpha_B \cdot \Delta t_H}, \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C} / \text{Вт}, \quad (1.1)$$

мұндағы n – сыртқы ауаға қарағанда қоршаушы құрылымдардың сыртқы беттерінің орнына байланысты ескеретін коэффициент, қабылданады;

t_i – бөлменің ішкі ауаның есептік температурасы, $^\circ\text{C}$;

t_o' - сыртқы ауаның есептік температурасы, °C;
 α_B - қоршаудың ішкі беттерінің жылу беру коэффициенті, Вт/м²°C, қабылданады;

Δt_n - ішкі ауа температурасы мен қоршаудың ішкі бетіндегі температуралар арасындағы нормаланатын температуралық құлама, қабылданады.

Көп қабатты қоршаушы құрылымның жалпы жылулық кедергісі:

$$R_0 = R_i + R_1 + R_2 + \dots + R_c, \quad (1.2)$$

мұндағы R_i - қоршаудың ішкі беттерінен ауаның жылуөткізу кедергісі;

R_1, R_2 - қоршаудың қабаттарының жылуөткізгіштік кедергілері;

R_c - қоршаудың сыртқы бетінен ауаның жылуөткізгіш кедергісі.

Қоршаудың ішкі бетінен ауаның жылулық кедергісі R_i , м²°C/Вт, анықталады

$$R_i = \frac{1}{\alpha_B}, \text{ м}^2\text{°C/Вт}, \quad (1.3)$$

мұндағы α_B - қоршаудың ішкі беттерінен ауаның жылуөткізу коэффициенті, Вт/м²°C.

Қоршаудың қабаттарының жылуөткізгіштік кедергілері R_1, R_2 , м²°C/Вт анықталады

$$R_1 = \frac{\delta_1}{\lambda_1}, R_2 = \frac{\delta_2}{\lambda_2}, \text{ м}^2\text{°C/Вт}, \quad (1.4)$$

мұндағы δ_1 - қоршаудың қабаттарының қалыңдығы, м;

λ_1 - жылуөткізгіштік коэффициенті, Вт/м²°C.

Сыртқы қоршаулардың жылу тарату кедергісін энергия өнімдеу шарттарын ескерумен анықтауға болады, ол үшін жылыту мезгілінің градус-тәулігі анықталады:

$$\text{ЖМГТ} = (t_i - t_{om}) \cdot n_0, \quad (1.3)$$

мұндағы $t_{от}$ - жылыту мезгіліндегі сыртқы ауаның орташа температурасы, °C;

n_0 - жылыту мезгілінің ұзақтылығы, тәулік.

$$\text{ЖМГТ} = (18 - 1,7) \cdot 160 = 2608$$

ЖМГТ мәні бойынша сыртқы қоршаулардың жылу таратуға келтірілген

кедергілері (R_0^{np}) анықталады.

1.1 Кесте – Қоршаушы құрылымдардың келтірілген кедергілері.

Ғимараттар мен бөлмелер	Жылыту мезгілінің градус - тәулігі, °С · тәулік	Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері, $R_0^{np}, \text{м}^2 \cdot \text{°C} / \text{Вт}$			
		қабырғалардың	өтетін жерлер үстіндегі жабындар мен аражабындардың	шатырлық, салқын еденасты мен ұйасты қабаты жабындардың	терезелердің және балкон есіктерінің
Тұрғын үй	2000	2,1	3,2	2,8	0,30
	4000	2,8	4,2	3,7	0,45
	2000	0,7	1,0	0,9	0,15

Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері қабылданғаннан кейін (1.2 кесте), олардың жылу өткізгіштік коэффициенттері анықталады:

$$k = \frac{1}{R_0^{np}}, \text{Вт/м}^2 \cdot \text{°C} \quad (1.4)$$

Ғимараттың жалпы жоғалатын жылуын анықтау үшін қоршаушы құрылымдар ретінде сыртқы қабырғалар, терезелер, балкон есіктері, шатырлық жабындар, едендер, сыртқы кіретін есіктер қарастырылады.

Сыртқы қабырға

- 1) $\frac{0.7}{2000} = 0,00035$
- 2) $2608 - 2000 = 608$
- 3) $0,00035 \cdot 608 = 0,2128$
- 4) $R_0^{np} = 2,1 + 0,2128 = 2,3128 \text{ м}^2 \cdot \text{°C} / \text{Вт}$
- 5) $K_{ск} = \frac{1}{2,31} = 0,432 \text{ Вт/м}^2 \cdot \text{°C}$

Төбе жабыны

- 1) $\frac{0.9}{2000} = 0,00045$
- 2) $2608 - 2000 = 608$
- 3) $0,00045 \cdot 608 = 0,2736$
- 4) $R_0^{np} = 3,2 + 0,2736 = 3,4736 \text{ м}^2 \cdot \text{°C} / \text{Вт}$
- 5) $K_B = \frac{1}{3,47} = 0,288 \frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \cdot \text{°C}}$

Еден

- 1) $\frac{1}{2000} = 0,0005$
- 2) $2608 - 2000 = 608$
- 3) $0,0005 \cdot 608 = 0,30$
- 4) $R_0^{np} = 2,8 + 0,30 = 3,1 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$
- 5) $K_B = \frac{1}{3,1} = 0,322 \text{ Вт}/\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}$

Терезе

- 1) $\frac{0,15}{2000} = 0,000075$
- 2) $2608 - 2000 = 608$
- 3) $0,000075 \cdot 608 = 0,0456$
- 4) $R_0^{np} = 0,3 + 0,0456 = 0,3456 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$
- 5) $K_B = \frac{1}{0,3456} = 2,89 \text{ Вт}/\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}$

1.2 Кесте – Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері

Қоршаушы құрылымдардың атаулары	Жылу таратуға келтірілген кедергілері, $R_0^{np}, \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$	Жылу өткізгіш коэффициенттері $k = \frac{1}{R_0^{np}}, \text{ Вт}/\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}$
Қабырғалардың	2,31	0,432
Өтетін жерлер үстіндегі жабындар мен аражабындардың	3,47	0,288
Шатырлық, салқын еденасты мен ұйасты қабаты жабындарының	3,1	0,322
Терезелердің және балкон есіктерінің	0,34	2,89

1.3 Қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалуы

Сыртқы қоршаулардың жылу жоғалуы негізгі және толық көрсеткіштерді қарастырады. Гимараттың қоршаушы құрылымдарының негізгі жылу жоғалуы анықталады:

$$Q = k \cdot A \cdot (t_i - t'_0) \cdot n, \text{ Вт} \quad (1.5)$$

мұндағы k – қоршаудың жылу өткізгіш коэффициенті, $\text{Вт}/\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}$;

A – қоршаудың ауданы, м^2 ;

t_i, t_0 – ішкі және сыртқы ауаның есептік температуралары, °С;
 n – қоршаушы құрылымдардың сыртқы ауаға қатынасын ескеретін коэффициент, қабылданады.

Сыртқы қоршаулардың негізгі жылу жоғалуына көп факторлар әсер етеді, сондықтан ол былай анықталады:

$$Q_{\text{жал}} = Q_{\text{нег}} \cdot (1 + \sum \beta), \quad (1.6)$$

мұндағы $\sum \beta$ – қосымша жылу жоғалуды ескеретін коэффициенттер қосындысы, қабылданады: бөлмедегі екі сыртқы қабырғаға – 5 пайыз (0,05); сыртқы қабырғаның биіктігіне 4м-ден жоғары әр 1м-ге – 2 пайыз (0,02); сыртқы қабырғаның бағытына: шығыс, солтүстік – 10 пайыз (0,1), батыс – 5 пайыз (0,05); оңтүстік – 0; желдің жылдамдығы, егер – 5м/с тен кіші болса 5 пайыз (0,05), 10 пайыз (0,1).

Бөлмелердің жылу жоғалуы әр қабат бойынша бөлек есептеледі. Баспалдақ клеткалары А, Б, әріптерімен белгіленеді, жылу жоғалуы бөлек есептеледі, сыртқы қабырға биіктігі ғимараттың жалпы биіктігіне тең.

Ғимараттың сыртқы қоршауларының жылу жоғалуы әр бөлмелерге есептеледі, А.1 кестесінде көрсетілген.

1.4 Жылыту жүйесінің есепті қуаты

Ғимараттар мен үймереттердің жалпы жылу жоғалуын іріктелген түрде анықтауға болады:

$$Q_0 = q_0 \cdot V \cdot (t_i - t_0') \cdot n, \text{ Вт} \quad (1.7)$$

$$Q_0 = 0,408 \cdot 11295,9 \cdot (18 - (-21,1)) \cdot 1,15 = 207231,42$$

мұндағы q_0 - ғимараттың түріне байланысты қабылданатын іріктелген жылу көрсеткіші, сыртқы көлеміне байланысты қабылданады, Вт/м³;

V - ғимараттың сыртқы көлемі, м³;

$t_i - t_0'$ - есепті сыртқы ауа температурасына байланысты қабылданатын коэффициент, қабылдаймыз 0,95^h

$$V = a \cdot b \cdot h = 11295,9 \text{ м}^3$$

$$q_0 = 0,408 \text{ Вт/ м}^3$$

Ғимаратың жылыту жүйесінің есепті қуаты анықталады:

$$Q_{ж.ж} = k \cdot \sum Q_{ж}, \text{ Вт} \quad (1.8)$$

мұндағы k - қосымша түзету коэффициенті, қабылданады $1,07 \div 1,2$.

$$Q_{жж} = 1,11 \cdot 207231,42 = 230026,876 \text{ Вт},$$

Жылыту жүйесінің жылдық жүктемесі анықталады:

$$Q_{ж.ж}^{жыл} = 86,4 \cdot q_0 \left(\frac{t_i - t_{от}}{t_i - t_0} \right) \cdot V \cdot n, \text{ кДж / год} \quad (1.9)$$

$$Q_{ж.ж}^{жыл} = 86,4 \cdot 0,408 \cdot \left(\frac{18 - 1,7}{18 - (-21,1)} \right) \cdot 11295,9 \cdot 160 = 26559847,32 \text{ кДж/год}$$

мұндағы $t_{от}$ – жылыту мезгіліндегі сыртқы ауаның орташа температурасы, °C;

n_0 – жылыту мезгілінің ұзақтылығы, тәулік.

1.5 Жылыту жүйесін таңдау және құрастыру

Жылыту жүйесі мен жылыту аспаптарын таңдау барысында бірқатар факторларды қарастырады: ғимаратты жылытудың себептері, технологиялық жоспарлаудың ерекшелігі, жылыту жүйесінің түрі, жылыту аспаптарының көсеткіштерін.

Жылыту жүйелеріне қойылатын талаптар:

Санитарлық - гигиеналық: ішкі ауа мен сыртқы қоршаушлардың ішкі бетіндегі нормал температураны сақтап тұруы;

Экономикалық: қолжетімділігі, эксплуатация барысында жылуэнергиясын тиімді жұмсауы;

Сәулет - құрылыстық: бөлме дизайнына сәйкес әдемі болуы, құрылыс конструкциясымен үйлесімдігі;

Өндірістік және монтаждық: түйіндері мен бөлшектері байланыстарының біркелкілігі, еңбек шығындарының аз болуы, монтаждауыдағы жеңілдігі;

Эксплуатациялық: жұмыс барысында тиімді, сенімді, қауіпсіз және шусыз жұмыс жасауы.

Бұл диломдық жобада аудандық қазандық, екі құбырлы, сулы жылыту жүйесі таңдалған. Ұй-жайларда және қоғамдық ғимараттарда кеңінен қолданылатын жылытудың түрі – сулы жүйе. Ол арзан және қолжетімді болып, оның жылу сыйымдылығы мен жылуөткізгіштігі жоғары болады. Су ауадан төрт мың есе көп жылу мөлшерін жұтады, яғни жылуыды көп мөлшерде тасымалдай алады. Сулы жүйені тағы бір артықшылығы, жылу аспабындағы температураны

реттей отырып әр бөлімеде жеке комфортты температураны орнатуға болады. Сулы жылыту жүйесі құбыр санына байланысты – бір құбырлы және екі құбырлы, жылу көзіне байланысты – орталықтандырылған және жергілікті, құбырдың төселу тәсіліне қарай – тік, көледенең, төменгі және жоғарғы, жылутасымалдағыштың жылжуына байланысты – тұйық және ілеспелі, жүйедегі судың айналыуына байланысты – табиғи және жасанды циркуляциялы деп бөлінеді.

1.6 Жылыту аспаптарының жылулық есебі

Ғимараттың бөлмелерінің сыртқы қоршауларының жылу жоғалуын қалыптастыру үшін жылыту жүйесінде жылыту аспаптары орнатылады. Тұрғын үйдің бөлмелеріне орнатуға шойын, алюминий радиаторлар кең қолданылады. Жылыту аспаптарының түрін таңдауда бөлменің тағайындалуы ескеріледі.

Жылулық есептің мақсаты: бөлмеге орналастырылатын аспаптардың санын анықтау, ол үшін осы аспаптардың жылу беті анықталады. Жылыту аспаптарының жылу бетін анықтауда жылу өткізгіштік әсер етеді.

Жылыту аспаптарының жылу беті қосымша түзету коэффициентер арқылы анықталады:

$$A_{\text{жа}} = \frac{Q_{\text{жа}}}{k \cdot (t_{\text{opt}} - t_i)} \cdot \beta_1 \cdot \beta_2, \text{ м}^2 \quad (1.10)$$

мұндағы $Q_{\text{жа}}$ - бөлменің жылу жоғалуы, Вт;

$k_{\text{жа}}$ - жылыту аспабының жылу өткізгіштік коэффициенті, қабылданады: шойын аспаптарына 7,84 Вт/м² оС, болат аспаптарына – 10 Вт/м² оС;

t_i - бөлменің ішкі ауасының есептік температурасы, °С;

β_1 - қабылданған жылыту аспабының қосымша аудан арқылы жылу таратуын ескеретін түзету коэффициенті, қабылданады (шойын радиаторлар мен конвекторларға 1,03÷1,08; қырлы конвекторларға 1,13);

β_2 - жылыту аспаптары сыртқы қабырғаға орнатылатындықтан қосымша жылу жоғалуын ескеретін түзету коэффициенті, қабылданады (шойын радиаторларға 1,02; конвекторларға 1,03; панельді радиаторлар 1,04);

t_{opt} - жылу тасымалдағыштың (судың) орташа температурасы:

$$t_{\text{opt}} = \frac{t_1 + t_2}{2}, \text{ °С} \quad (1.11)$$

мұндағы t_1 - жылыту жүйесінде беретін құбырдағы жылу тасымалдағыш температурасы, °С;

t_2 – жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы судың температурасы, °С. Екі құбырлы жүйеде: $t_{opt} = const$.

Жылыту аспаптарының орнатылатын есепті саны:

$$N_{жа} = \frac{A_{жа} \cdot \beta_4}{\varphi_c \cdot \beta_3}, \text{ дана} \quad (1.12)$$

мұндағы β_4 – жылыту аспабы бөлмеде орнату түрін ескеретін түзету коэффициенті, қабылданады (ашық орнатылғанда 1,0; жабық орнатылғанда – тормен әшекейленген <1,1);

β_3 – жылыту аспабындағы секцияның санын ескеретін түзету коэффициенті, қабылданады ($\beta_3=1,0$ егер $A_{жа}=2,0\text{ м}^2$, ал басқада $\beta_3=0.97+\frac{0.03}{A}$);

φ_c – орнатуға қабылданған жылыту аспабының бір секциясының жылу бетінің аудандары, м^2 .

Жылыту аспабының есебі А.1 кесте ретінде жүргізіледі.

1.7 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі

Қазіргі кезде кең қолданатын орталықтандырылған жылыту жүйесі, ол үш негізгі құрылымнан тұрады: жылу өндіргіш, жылу өткізгіштер - құбырлар және жылыту аспаптары. Ғимараттың типтік жобасында әр бөлмелерінде жылыту аспаптары мен тік құбырлардың орны белгілінеді, жер төле жобасында жергілікті жылу пунктінің орны мен тарату құбыларының өтетін жолы анықталады.

Бөлмелердің жылу жоғалуы анықталған соң жылыту аспаптарының орны және жылулық есебі орындалғаннан кейін жылыту жүйесінің аксонометриялық сұлбасы құрастырылады. Гидравликалық есеп жүргізу үшін сұлбада учаскелердің нөмерлері, жылу жүктемелері мен су шығындары және ұзындықтары көрсетіледі. Есептің мақсаты: учаскелердегі құбырлардың оптималды диаметрлерін таңдау және жоғалатын қысымды анықтау. Жылыту жүйесінің гидравликалық есебін өткізудің әр түрлі тәсілдерін қолдануға болады: ұзындықта меншікті қысым жоғалуымен; кедергі сипатамалары мен өткізгіштікпен; келтірілген ұзындықпен және динамикалық қысыммен. Сулы жылыту жүйесінің гидравликалық есебін өткізу үшін ең кең қолданылатын тәсіл ұзындықта меншікті қысым жоғалуымен.

Жылыту жүйесінің учаскелеріндегі жоғалатын қысым анықталады:

$$\Delta P = \Delta P_{л} + \Delta P_{м}, \text{ Па} \quad (1.13)$$

мұндағы $\Delta P_{л}$ құбырдың тік ұзындығында жоғалатын қысым немесе ұзындықта жоғалатын қысым дейді, Па;

ΔP_m жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, Па.

Ұзындықта жоғалатын қысым анықталады:

$$\Delta P_l = R \cdot l, \text{ Па} \quad (1.14)$$

мұндағы R —1м ұзындықта меншікті қысым жоғалуы, Па/м, қабылданады кесте немесе номограмма арқылы.

$$\Delta R_m = Z = \Delta \xi \cdot \Delta R_{\text{дин}}, \text{ Па}, \quad (1.15)$$

мұндағы $\Delta R_{\text{дин}}$ —динамикалық қысым, құбырдағы судың жылдамдығына байланысты қабылданады, Па;

$\Delta \xi$ — жергілікті кедергілердің қосындысы, әр учаскеге бөлек есептеледі. Жергілікті кедергілер ретінде: вентильдер, ысырмалар, үштарамдар, крестовиналар, екі жақты реттегіш крандар, бұрылыстар, жылыту аспаптары және тағы басқалары да қарастырылады.

Гидравликалық есеп бірінші есепті айналымды сақинаға жүргізіледі, ол жергілікті жылу пунктiнен ең алыс орналасқан тік құбыр арқылы өтеді, содан кейін басқаларына өткізіледі.

Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі мен жергілікті кедергілер А.2 және А.3 кестелерінде көрсетілген.

1.8 Есептік су шығындары және элеватор таңдау

Тұрғын үйдің жергілікті жылу пунктi жертөледе орналасқан. Жергілікті жылу пунктiнің негізгі қондырғысы суараластырғыш элеватор болып есептеледі. Элеватор құрылғысы дегеніміз бұл жылыту жүйесінен келетін салқындатылған суды араластыру арқылы кіретін салқындатқыштың қысымы мен температурасын төмендететін энергияға тәуелсіз құрылғы. Жылыту жүйесінің элеваторлық торабы – үйдің жылыту жабдығының бөлігі болып табылатын ерекше функционалдық механизм. Шын мәнінде, ол су ағынының немесе эжекциялық сорғының ролін атқарады. Құрылғының арқасында элеватор жылу жүйесіндегі қысымды жоғарылатуға мүмкіндік береді, ал салқындатқыштың көлемін арттырады және құбырлардағы су жабық кеңістікке байланысты буға айналмай 150°C дейін қызады.

Элеваторды таңдау үшін келесі жолмен арнайы есептер жүргізіледі:

1) Жылу желісінен түсетін судың шығыны анықталады:

$$G_{\text{жж}} = \frac{Q_{\text{ж}}}{c \cdot (T_1 - T_2)}, \text{ кг/с} \quad (1.16)$$

мұндағы $Q_{\text{ж}}$ —жылыту жүйесінің жалпы жылу шығыны, Вт;
 c —судың жылу сыйымдылығы, Дж/кг °С;

T_1, T_2 – судың температуралары, °C.

2) Элеватордың араластыру коэффициенті анықталады:

$$u = \frac{T_1 - t_1}{t_1 - t_2} \quad (1.17)$$

3) Жылыту жүйесіне түсетін судың шығыны анықталады:

$$G_{жж} = \frac{Q_{жж}}{c \cdot (t_1 - t_2)}, \text{ кг/с} \quad (1.18)$$

мұндағы t_1, t_2 – жылыту жүйесінің беретін және қайтатын құбырындағы судың температуралары, °C.

4) Элеватордың мойынының диаметрі анықталады:

$$d_m = 1,55 \cdot \frac{G_{жж}^{0.5}}{\Delta P_{жж}^{0.25}}, \text{ см} \quad (1.19)$$

мұндағы $\Delta P_{жж}$ – жылыту жүйесіне элеватор арқылы берілетін қысым, кПа.

5) Элеватордың сопласының диаметрі анықталады:

$$d_c = \frac{d_m}{1+u}, \text{ см} \quad (1.20)$$

6) Элеватор жұмыс атқару үшін жылу желілерінен ғимаратқа берілетін жоғалатын қысым анықталады:

$$\Delta P = 6.3 \cdot \frac{G_{жж}^2}{d_c^4}, \text{ Па}, \quad (1.21)$$

Есеп аяқталғаннан кейін элеватордың типтік номері таңдалады және оның конструктивтік өлшемдері қабылданады.

Элеваторды таңдау үшін келесі жолмен арнайы есептер жүргізіледі:

Жылу желісінен түсетін судың шығыны анықталады:

$$G_{жж} = \frac{75285}{4189 \cdot (150 - 70)} = 0,224 \text{ кг/с}$$

мұндағы $G_{жж}$ – жылыту жүйесінің жалпы жылу шығыны, Вт;

c – судың жылу сыйымдылығы, Дж/кг °C;

T_1, T_2 – судың температуралары, °C.

Элеватордың араластыру коэффициенті анықталады:

$$u = \frac{150-95}{95-70} = 2,2$$

Жылыту жүйесіне түсетін судың шығыны анықталады:

$$G_{жж} = \frac{75285}{4189 \cdot (95-70)} = 0,718 \text{ кг/с},$$

$$G_{жж} = 0,718 \cdot 3,6 = 2,58 \text{ т/сағ},$$

мұндағы t_1, t_2 – жылыту жүйесінің беретін және қайтатын құбырындағы судың температуралары, °C.

Элеватордың мойынының диаметрі анықталады:

$$d_m = 1,55 \cdot \frac{2,58^{0.5}}{0,64^{0.25}} = 2,78 \text{ см},$$

мұндағы $\Delta P_{ж}$ – жылыту жүйесіне элеватор арқылы берілетін қысым, кПа.
Элеватордың сопласының диаметрі анықталады:

Таңдаймыз: элеватор №3

$$d_r = 30 \text{ мм}, L = 625, A = 135, l = 145, d = 160, D = 195;$$

$$d_c = \frac{30}{1+2,2} = 0,94 \text{ см}$$


Элеватор жұмыс атқару үшін жылу желілерінен ғимаратқа берілетін жоғалатын қысым анықталады:

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{0,277^2}{0,94^4} = 0,61 \text{ Па}$$

Суағынды элеваторда сыртқы жылу желісінен келетін тасымаладағыштың температурасы $T_1 = 150^\circ\text{C}$ жылыту жүйесінің талабына сәйкес $t_1 = 95^\circ\text{C}$ келтіреді. Элеваторлар шойын немесе болаттан стандартты өлшемдермен №1÷7 дайындалады, осыған сәйкес араластырғыш камераның диаметрі 15÷50 мм болады.

Суағынды элеваторда сыртқы жылу желісінен келетін тасымаладағыштың температурасы $T_1=150^{\circ}\text{C}$ жылыту жүйесінің талабына сәйкес $t_1=95^{\circ}\text{C}$ келтіреді. Элеваторлар шойын немесе болаттан стандартты өлшемдермен №1÷7 дайындалады, осыған сәйкес араластырғыш камераның диаметрі $15\div 50$ мм болады.

Есеп соңында элеватордың типтік номерін таңдап, қабылдаймыз: есептеліп шыққан $d_c=3$ см және $d_m=30$ мм мәндері арқылы элеватордың типтік стандартты элеватор №3 таңдап алдым.



1—сопло; 2—араластырғыш камера; 3—сору камерасы; 4—мойын; 5—диффузор

1 Сурет – Суағынды элеватор

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы - монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру, өндіруге арналған нұсқаулықтардан тұрады және өнімділікті арттыруға, еңбек шығыныдарын азайтуға, монтаждау жұмыстарының сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Жұмыстарды дайындауға арналған жалпы жобада осыларды қарастырады: жұмыстарды орындау жөніндегі нұсқаулықтар, еңбек пен жалақы шығындарын есептеу, қызметкерлерге қажетті жұмыс кестесі, негізгі және көмекші материалдардар тізімдер, арнайы механизмдер, қажетті құралдары туралы ақпараттар тізімі, техникалық - экономикалық көрсеткіштерден, қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар.

Құрылыс процестерін орындау кезінде мыналарды қажет етеді: машиналар, механизмдер мен арнайы құралдарды, арнайы құралдар арқылы жұмыстарды орындайтын жұмысшылар, материалдар жеткізетін көліктер және тағыды басқалары.

Жылыту жүйесін орнату жұмыстары келесідей: дайындық, өлшеу, монтаждау, орнату және тексеру болып бөлінеді. Монтаждау кезегінде, құрастыру жұмыстары: үштарам, креставина, бұрылыстарды жалғау процестері кеңінен жүреді.

Монтаждау жұмыстары өз кезеңінде келесідей жүреді: жылыту жабдықтарын, керекті болат құбырларды құрылыс жүретін алаңына жеткізу, жылыту жабдықтары мен жылытуға қажетті аспаптарды орнату, орнатылған жүйелерді қажетті мамандар тексеруінен өткізіп, тапсырыс берген мекемеге көрсетілген мерзім ішінде тапсыру.

Барлық өндірістік жұмыстарды уақытылы орындау үшін құрылыс-монтаждау ұйымына техникалық құжаттама, сызбалар және сметалар тапсырылады.

Қазіргі таңда құрылыс өндірісінде ауыр және көп еңбекті қажет ететін жұмыстардың барлық негізгі түрлері, құрылыс машиналарымен немесе механикаландырылған құралдар көмегімен жасалады, машиналарды қолдану мүмкін болмаған жағдайда немесе өте аз көлемде жұмыс қолмен, жұмысшы күшімен, жасалады.

Құрылыста жұмыстарды жүргізудің оңтайлы, тиімді тәсілдерімен қамтамасыз ету үшін құрылысқа ұйымдастыру - техникалық дайындық бойынша бастапқы іс-шаралар, соның негізінде құрылысты ұйымдастыру және жұмыс өндірісі жөніндегі жобалау құжаттамалары дайындалады.

Технологиялық карталар жұмыс өндірісіндегі жобасының негізгі құжаттарының бірі болып, олар жұмыс өндірісінің дұрыс ұтымды жолмен, құрылыс-монтаж процестерінің технологиялық реттілігін таңдауға көмегін тигізеді және жұмыс барысының берілген мерзімде, құжаттарға сай жасалуын қамтамасыз етеді.

2.1 Жұмыс көлемінің ақпарат тізімі

Жинақтау жұмысының көлемі ғимарат және жобаның конструктивті шешімімен анықталады, жинақтау процестерінің тізімдері жинақтау жұмысына жататын жабдықтардың пайдалануға байланысты қабылданады. Осыған сәйкес құрылыс-жинақтау жұмыстарының көлемінің ақпарат тізімі жасалады. Жекелеген конструкциялардың көлемін және жұмыс түрлерін есептеудегі өлшем бірліктері сметалық нормаларда қабылданған және құрылыс нормалары және ережелерінің тиісті тарауларының техникалық бөліктерінде келтірілген өлшем бірліктеріне дәл сәйкес келуі тиіс.

Жұмыс көлемін есептеулердің барысы мен олардың реттілігін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беретін типтік диаграммалар, эскиздер мен кестелер бойынша есептеу ұсынылады. Бұл екінші адамның есептеулерін тексеруді айтарлықтай жеңілдетеді. Жұмыс көлемін есептеу белгілі бір тәртіппен жүргізілуі керек.

2.2 Еңбек шығындарын калькуляциялау

Калькуляция бұл – арнайы жұмыс түріне немесе жалпы объектінің құрылымдық элементінің бірлігіне құрылыстық-монтаждық жұмыстар кешені үшін нормативті уақыт пен еңбек ақы суммасының жинақ есебі. Оның құрамында тек негізгі жұмыстар ғана емес, сонымен қатар керекті қосымша және ілеспе жұмыстар, оның құрамында нормативтермен және ұтымды ұйымдастыру және жұмыстарды механизациялаумен келісілген қашықтыққа жұмыс орындарына материалдар мен бұйымдарды жеткізу қарастырылады. Негізгі мақсаты – еңбекті нормалауды жеңілдету, оның аккордты және келісімдісыйлықақы төлеу жүйесін дамытуға мүмкіндік жасау.

Бірыңғай нормалар мен бағалар құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарының жұмысшыларының келісілген еңбек ақысы мен еңбек шығындарын анықтау үшін арналған техникалық негізделген нормалар мен бағалар кешені болып келеді.

Құрылыстың өзіндік құны құрылысты ұйымдастырудың маңызды экономикалық көрсеткіші болып табылады. Ол құрылыс өндірісінің материалдық, еңбек, энергетикалық және басқа шығындарды ақшалай түрде көрсетеді. Еңбектің сыйымдылығы адам-күн (ауысым-күн) немесе адам-сағатпен (ауысым-сағатпен) көрсетілген жұмыстың көлем бірлігін орындау үшін еңбек шығындарының мөлшерімен анықталады.

Құрылыс ұзақтығы нақты құрылыс үрдісі жұмысының көлемін орындауға кететін уақытпен (сағат, ауысым, апта, ай, жыл) анықталады. Кешенді үрдістің және оның құрамына кіретіндердің ұзақтығы үрдісті орындауға қабылданған әдіске (тасқынды, жарыспалы, жүйелі) байланысты. Еңбек шығынының калькуляциясының нәтижелері Б.1 кестесінде көрсетілген.

2.3 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі

Күнтізбелік жоспар – бұл жұмысқа және оның орындалу уақытына қатысты технологиялық жабдықтар мен құбырлардың жинақтау жұмысы технологиясының графикалық моделі.

Күнтізбелік жоспардың жасалу тізбегі мынадай: еңбек шығынының калькуляциясы бойынша жинақтау процестерінің номенклатурасы тағайындалады; звено құрамы және процестер бойынша нормативті еңбек сыйымдылығы анықталады; сметасы тағайындалады, барлық жұмыстың қосынды ұзақтылығын есепке ала отырып, әрбір процестің орындалу ұзақтылығы анықталады.

График дұрыс құрастырылуы кезінде жұмысшылар қозғалысының бірқалыпсыз коэффициенті 1,5-тен көп болмауы керек. Ол мына формула бойынша анықталады

$$K = \frac{m_{\max}}{m_{\text{ср}}}, \quad (2.1)$$

мұндағы $m_{\text{ор}}$ – жұмысшылардың орташа саны, адам.

$$m_{\text{ор}} = \frac{\sum Q}{T \cdot K}, \text{адам}, \quad (2.2)$$

мұндағы $\sum Q = \sum q_i \cdot t_i$ – i -ші жұмыс бойынша еңбек сыйымдылық (еңбек шығыны), адам·күн;

T – жинақтау жұмысының күндегі ұзақтылығы;

K – өнімді қайта орындаудың орташа коэффициенті, 1-ге тең деп қабылданады.

Қабылданады $\sum Q = 75,073$ адам·күн және $T = 26$ күн, онда жұмысшылардың орташа саны мынаған тең болады

$$m_{\text{ор}} = \frac{75,073}{26} = 3 \text{ адам},$$

$$K = \frac{3}{3} = 1$$

2.4 Көліктің қажеттілік есебі

Негізгі транспорт түрі – ернеулі автокөлігі болып табылады. Транспорт саны мына формула бойынша анықталады

$$N = \frac{Q}{P_m \cdot T}, \text{ дана,} \quad (2.3)$$

мұндағы Q – тасымалданатын жүктің саны (жабдықтардың, материалдардың және конструкциялардың ақпарат тізімі негізінен қабылданады), $Q = 5,72$ тонна ;

T – тасымалдау күнінің саны, 1 күн деп қабылданады;

$P_{\text{тәу}}$ – автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы, ол мына формула бойынша анықталады

$$P_{\text{тәу}} = q \cdot n_p, \text{ т/ауысым,} \quad (2.4)$$

мұндағы q – автокөліктің жүк көтергіштігі, 7 тонна тең деп қабылданады.

n_p – ауысымдағы автокөлік рейстерінің саны, ол мына формула бойынша анықталады

$$n_p = \frac{t_{\text{см}}}{\left(\frac{2 \cdot L}{V_{\text{ср}}}\right) + t_n + t_p + t_m}, \text{ рейс,} \quad (2.5)$$

мұндағы $t_{\text{см}}$ – ауысым ұзақтылығы, 8 сағ.;

L – базаға дейінгі арақашықтық, 15 км;

$V_{\text{ор}}$ – қаладағы орташа қозғалыс жылдамдығы, 20 км/сағ;

$t_{\text{ти}}$ – жүкті тиеу уақыты, ЕНиР1 бойынша анықталады:

$t_{\text{ти}} = 0,095$, $q = 0,095 \cdot 5,72 = 0,543 = 54$ мин

t_t – жүкті түсіру уақыты: $t_t = t_{\text{ти}} = 54$ мин

t_m – жүкті тиеу және түсіру маңында маневр жасау уақыты, 2 мин немесе 0,03 сағ. тең деп қабылданады. Сонда ауысымдағы автокөлік рейстерінің саны мынаған тең болады

$$n_p = \frac{8}{\left(\frac{2 \cdot 15}{20}\right) + 0,543 + 0,543 + 0,03} = 3 \text{ рейс.}$$

Онда автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы мынаған тең болады

$$P_{\text{тәу}} = 5,72 \cdot 3 = 17 \text{ т/ауысым.}$$

Жоғарыдағы мәндер бойынша транспорт саны мынаған тең

$$N = \frac{5,72}{17 \cdot 3} = 1 \text{ машина.}$$

Маркасы Hyundai HD 120, 1 автокөлігі қабылданады, жүк көтергіштігі 7 тонна. Есептен кейін жүкті тасымалдаудың ақпарат тізімі құрастырылады (2.1-кесте).

2.1 Кесте – Тасымалдау көлемінің ақпарат тізімі

Жүктердің аталуы	Өлш. бірл.	Саны	Транс-порт түрі	Транс-порт саны	Болу уақыты	
					баст.	соңы
Құбырлар, радиаторлар, жылуалмастырғыш және т.б.	Тонн	5,720	Hyundai HD 120	1	14,08	8,08

2.5 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау

Құрылыс сапасы – құрылыс процесінің барлық қатысушыларының: жобалаушылардың, тапсырыс берушілердің және мердігерлердің құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарын, мемлекеттік стандарттарды сақтауын қамтитын кешенді проблема, бұл салынған ғимараттар мен құрылыстардың ұзақ мерзімділігі мен пайдалану сенімділігінің, олардың экологиялық тазалығының, адамдар үшін қауіпсіздігінің және, сайып келгенде, пайдалану кезіндегі үнемділіктің кепілі болып табылады.

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысын аяқталып біткеннен кейін, жылу пунктіне жабдықтарды қосып, жабдықтарды жүргізіп сынаудан өнімделетін басқа барлық коммуникацияларға қосылу және жүйелерді сынау жүргізіледі.

Сынақ жүргізу кезінде қондырылған жылыту аспаптары жоба мәліметтеріне сәйкес болуын, құбырлар дәнекерлену сапасы, олардың жылыту аспаптарымен қосылуын, жабдықтардың дайын болуын тексереді.

Тексеру кезінде пайда болатын барлық ақауларға ақпарат тізімі құрастырылады және оны қайта реттеушіге береді. Ақауларды сынақ жүргізу басталғанға дейін міндетті түрде қалпына келтіру керек.

2.6 Өндірістік қауіпсіздік техникасы

Қауіпсіздік техникасы - қауіпсіз жұмыс жағдайларын жасауға және өндірісте келеңсіз оқиғалардың алдын алуға бағытталған техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар кешені.

Жылыту және желдету жүйелерін монтаждау жұмыстарына 18 жасқа толған, медициналық куәлендіруден өткен, арнайы білімі бар және кіріспе нұсқайлығы мен жұмыс орнындағы қауіпсіздік техникасы нұсқаулығымен танысқан адамдар ғана қатыса алады.

Нормативті талаптарға сәйкес жылыту және желдету жүйелерін монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатқан аймақта басқа жұмыстардың жүргізілуіне және бөгде адамдардың болуына рұқсат етілмейді. Монтаждаушының жұмыс орнында бөтен және керек емес заттар мен материалдар болмауы тиіс. Биіктіктегі құбыр желілерін монтаждау бекітілу беріктігі алдын-ала тексерілген мінбе, сатыларда немесе төсеулерде жүргізіледі.

Электрдәнекерлеу және газжалындық жұмыстар орындалатын аймақтар 5 м қашықтықта жеңіл жанғыш заттар мен материалдардан, 10 м қашықтықта жарылғыш заттар мен қондырғылардан тазартылуы қажет. Ашық доға бойынша дәнекерлеу жұмысы орындалса, жұмысшы орны биіктігі 1,8 м-ден кем емес жалынға төзімді экранмен бөлінуі керек. Дәнекерлеушілер мен олардың көмекшілерінің көру мүшелері мен тері қабатын қорғау үшін қалқаншалар, маскалар мен арнайы дұлығалар пайдаланылады. Олардың көру тесігінде дәнекерлегіш қондырғы қуатына байланысты жырық сүзгісі қойылады. Басқа жұмысшыларды дәнекерлеуші электр доғаларының сәулелерінен қорғау үшін арнайы шымылдықтар мен қалқаншалар орнатылады.

Еңбекті қорғау - еңбек үрдісіндегі адамның жұмыс қабілеттілігін және адам денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін заң шығарушылық және құқықтық актілер және оған сәйкес әлеуметтік құқықтық, техникалық, санитарлы-гигиеналық, ұйымдық, өртке қарсы, электр қауіпсіздігі мен емдеу профилактикалық құралдарының жиыны.

Түгелдей қауіпсіз және қауіпті өндірістер болмайды. Еңбекті қорғаудың шарты-максималды еңбек өнімділігінде, бір уақытта жайлы жағдайды қамтамасыз ете отырып, жұмысшының ауруы мен бақытсыз жағдайлардың мүмкіндігінің ең төменгі шамасына келтіру. Қауіпті өндірістік факторлар – жарақатқа немесе басқа кенеттен денсаулығының нашарлауына алып келетін, белгілі жағдайлардағы, жұмысшыға әсер ететін факторлар. Зиянды өндірістік факторлар -ауруға немесе жұмыс қабілеттілігін төмендетуге алып келетін, белгілі жағдайдағы жұмысшыға әсер ететін фактор.

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бригадаларға бөліну арқылы өтеді. Звено және бригада құрамы өндіріс жұмысының графигі негізінде қабылданады. Әрбір бригада міндетті түрде аспаптар жинағымен қамтамасыз етілуі керек, себебі жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бойынша тәжірибе жүзінде барлық жұмыс көлемін автономды орындауы керек.

3 Экономика

«Тараз қаласындағы 7 қабатты тұрғын үй кешенінің жылу жүйесін жобалау» дипломдық жұмысы жобадағы жылыту жүйелерінің техникалық-экономикалық есебі жүргізілді. Бухгалтерлік зерттеулердің мақсаты-дипломдық сұрақ, Материалды ұсыну үшін жобалық құралдардың көлемін анықтау шығындары, объектінің құнын бағалау үшін жергілікті нәтиже. Ол үшін жылыту жылдық құнын анықтайды. Жылдық құн мыналарды қамтиды:

- амортизацияға кеткен шығын, яғни толық жөндеуге және жылыту жүйесін тазартуға кеткен шығындар қосындысы;
- жөндеу барысындағы және жұмыс істеп тұрған кезінде жүйенің жұмысын ұстап тұруға кететін шығындар;
- жылдық жұмысшылардың еңбек ақысына кеткен шығын;
- бір жылда пайдаланылатын энергоресурстардың құны;
- жылдық материалдарға кеткен шығын;
- жалпы пайдаланулық шығындар.

3.1 Келтірілген шығын есебі

